

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Биология-география факультеті
География кафедрасы

**«ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ
ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ»
пәні бойынша**

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

050116, 050609 - «География» - мамандықтарына арналған

Қарағанды 2008

Құрастырушы: Канафин Жандос Әділқасұлы

География кафедрасының аға оқытушысы

Кадирбаева Дидар Артықбай қызы

География кафедрасының оқытушысы

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешен «Географияны оқытуда техникалық оқу құралдарын пайдалану» курсы бойынша несиелік технология бойынша, 050116, 050609 – «География» мамандықтарында оқитын студенттерге арналған. Пән таңдау бойынша базалыққа жатады. 050116 және 050609 – «География» мамандықтарына таңдау пәні ретінде алынған. Курс географияда өткізілетін пәндермен және сол пәндерде оқыту кезінде қарастырылатын оқыту құралдарымен жұмыс жасауға мүмкіндік болады. ОӘК құрамында пән мазмұны, лекция тезистері, зертханалық, СОӨЖ, СӨЖ тапсырмалары, тесттік сұрақтар үлгісі, емтихан сұрақтары, реферат тақырыптары, бағалау критеріі берілген. Құрал – студенттерге пән материалдарын игеруге көмек жасайды деген үміттеміз.

«Географияны оқытуда техникалық оқу құралдарын пайдалану» пәні бойынша оқу - әдістемелік кешен, 050116, 050609 – «География» мамандықтары бойынша, /Құрастырған Ж.А.Канафин, Д.А.Кадирбаева - Қарағанды: ҚарМУ басп., 2008. – 69 бет

© Қарағанды мемлекеттік университеті, 2008

1 ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ – SYLLABUS

1.1. Оқытушы туралы мәлімет:

Канафин Жандос Әділқасұлы, география кафедрасынның аға оқытушысы.

Қадирбаева Дидар Артықбайқызы, география кафедрасының оқытушысы.

Кафедрада сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі және жұма күндері (сағат 9⁰⁰ -17⁰⁰ -ге дейін).

1.2. Пән : «Географияны оқытуда техникалық оқу құралдарын пайдалану»,

Кредит саны – 2, дәріс өтетін орыны – 415 ауд. 3 корпус.

Оқу жоспарынан үзінді

Курс	Семестр	Кредит	Дәріс тер	Сем саб	СО ӨЖ	СӨЖ	Бар - ы	Бақ түрі
1	2	2	15	15	90	30	90	Емтихан

1.3. Пререквизиттері: Бұл пәнді игеру үшін **информатика** (компьютерді жақсы біліп, жалпы техникалық құрал жабдырмен жұмыс жасауды білуді қажет етеді); **метеорология және климотология** (гелиограф, термометр, барометр, флюгер, аспирациялық психрометр т.б.); Сонымен қоса әр студент осы оқу құралдарымен жұмыс жасай білуі қажет.

1.4. Постреквизиттері: Географияны оқытуда оқу құралдарын пайдалану курсы 2 семестрде, «жалпы жертану», «метеорология және климатология негіздері» курстарынан кейін оқытылады. Географияны оқытуда оқу құралдарын пайдалану курсы тәмамдағаннан кейін студенттер «Гидрология», «Топография және картография негіздері» сияқты физикалық география бағытындағы пәндерді және сонымен қатар, экономикалық география бағытындағы мамандану курстарын байланыстырып оқыта алады. Осы курста алған білімдерін, дағдыларын және зерттеу әдістерін 1 курс студенттері, жоғарғы

курстарда географияда қолданылатын оқу құралдарын еркін пайдалануы тиіс.

1.5. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

География – мектептегі оқушыларды Жер туралы ғылымдардың негізімен, табиғат жағдайларымен және біздің планетаның ресурстарымен, олардың шаруашылықта қолдануымен таныстыратын бірден – бір пән.

Қоғамның қазіргі талаптарына сай құрылған бағдарламалармен оқыту өте жетік әдістерді қолдануды талап етеді. Ал ол болса, өз кезегінде оқу үрдісінде оқытудың әртүрлі құралдарын пайдалануды қажет етеді.

Техникалық оқу құралдарын пайдалану деңгейін жоғарлату мәселелерін шеше отырып, осы пәнді оқу барысында компьютерлік технологияны қолдана алу мүмкіндіктерін де ескеру міндетті.

Оқу үрдісінде оқу құралдарын әсерлі пайдаланудың міндетті алғышарты болып оқушының әдістемелік дайындығы, оның оқу құралдарымен жұмыс жасауға дайындығы, жұмыс жасай алуы табылады. Бірақ оқытушының оқу құралдарымен жұмыс жасауының өте жақсы дайындығына қарамастан, оқу құралдарын жүйелі пайдалану біраз шарттарға негізделеді. Олар тек оқыту кабинеттерінде жасалады. Сондықтан да, әдістемелік нұсқауларға іс – тәжірибелік сабақтар енгізген. Олар бойынша студенттер өздігімен кабинеттің техникалық оқу құралдарымен жабдықталуына қойылатын негізгі талаптарды анықтайды, оқу жабдықтарын сақтауға мүмкін ұсыныстар жасайды, қабырғалық экспозиция түрлері мен кабинетті жоспарлауды ұсынады.

Оқу әдістемелік кешен «География» мамандығының студенттеріне арналған, мақсаты – студенттердің географиялық оқу құралдарының ерекшеліктерімен таныстыру және оларға оқытудың кабинеттік жүйесі жағдайында оқу құралдарын қолдана алуының қазіргі әдістемесін үйренуге көмектесу.

Географиялық білім мазмұнын жетілдірумен және тәрбиелеу жұмысына талаптарды күшейтумен байланысты географияны оқыту құралдарының рөлі мен маңызы өсуде. Қазіргі таңда оқу құралдары география пәнінің кез – келген

сабағында қолдануда. Осыған байланысты әр студентке, болашақ география пәнінің мұғаліміне, міндетті:

- Техникалық оқу құралдарын тиімді пайдаланудың теориялық негіздерін білу;

- Теориялық білімдерін техникалық оқу құралдарын іріктеуде, дайындауда және зерттеуде саналы әрі епті пайдалана білу;

- Географияны оқытуда оқушылардың жас ерекшелігіне, дайындығына және басқа факторларға байланысты әртүрлі оқу құралдарымен жұмыс жасау ерекшеліктерін ескеру;

- Техникалық оқу құралдарын қолдану бойынша жұмыс тәрбиесін шығарамашылық пайдалану, соның ішінде компьютерлік техниканы.

География пәнінің оқытушысына географиялық оқу құралдарының ерекшеліктерін және олады тиімді пайдалана алу әдістемесін білу:

- Техникалық оқу құралдарының бар қорын терең және жан – жақты оқуына;

- Оқудың ең мақсатты түрлері мен әдістерін пайдалана отырып, географиялық білім мазмұнына қолдануға сәкестендіру жүйесін өңдеуге және оны оқу – тәрбиелік үрдіске педагогикалық білімді енгізу;

- Жүйені толықтыратын жергілікті, нақты жағдайларды ескеретін, оқу құралдарының өздігімен істеген қорын жасау;

- Сабақтың оқу құралдарымен стихялы түрде жабдықталуына кездесетін қателіктерді ескеру мүмкіндіктерін береді.

Географияны оқыту құралдарының оқулық – тәрбиелік тиімді пайдалануы көбінесе ғылыми ойлауды тәжірибеге айналдыруды жүзеге асырудың қандай дәрежеде екендігіне байланысты болады.

1.6 «Географияны оқытуда техникалық оқу құралдарын пайдалану» пәні бойынша тапсырмалар орындау, тапсыру графигі

№	Жұм. түрі	Мақс аты	Ұсын. әдебиет	Орын .	Балл	Бақылау түрі	Тапс ыру
---	-----------	----------	---------------	--------	------	--------------	----------

		және маз-ы		ұзақт ы			уақ-ы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Сынып жобасы	Тақ-п 1	Тақ-п соң-да	1 апта	20	Ағымдық бақылау	2 апта
2	Тестілеу	Тақ-п 2	Тақ-п соң-да	1 апта	20 10	Ағымдық бақылау Аралық тест	3 апта
3	Алаң жобасы	Тақ-п 3	Тақ-п соң-да	2 апта	20 10	Ағымдық бақылау Үй тапс	4 апта
4	Баяндама	Тақ-п 4	Тақ-п соң-да	2 апта	20	Ағымдық бақылау	6 апта
5	Тестілеу	Тақ-п 5	Тақ-п соң-да	2 апта	20 5	Ағымдық бақылау Аралық коллокеиум	8 апта
6	график	Тақ-п 6	Тақ-п соң-да	2 апта	20	Ағымдық бақылау	10 апта
7	Географи ялық алаң	Тақ-п 7	Тақ-п соң-да	1 апта	20 5	Ағымдық бақылау Аралық бақылау жұмысы	11 апта
8	Компьют ерлік сызба	Тақ-п 8	Тақ-п соң-да	1 апта	20	Ағымдық бақылау	12 апта
9	талдау	Тақ-п 9	Тақ-п соң-да	2 апта	20	Ағымдық бақылау	14 апта
10	Реферат Реферат	Тақ-п 10	Тақ-п соң-да	1 апта	10 10	Үй жұм. Аралық тест	Сын апта
11	Емтихан	Тақ-р 1 - 10	Тақ-п соң-да		40	Қортын ды	16 апта

1.7. Әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Ю.Г. Барышева, М.Б. Вестецкий, Т.В. Григорьевна «Использование средств обучения в преподавании географии»
2. А. Максимов «Физикалық географияға арналған методикалық құрал».
3. Ю.Г. Барышева «Кабинет географии» М. «Просвещение» 1985г.
4. Ю.Г. Барышева и др. «Географический комплекс средней школы» М. «Просвещение» 1978г.
5. Под.ред. А.В. Гедымина «Картография с основами топографии» М. «Просвещение» 1973г.
6. М.Б. Вестицкий «Пикнические средства в обучении географии».
7. В.П. Голов «Средства обучения географии и условия их эффективного использования».
8. М.Б. Вестицкий «Технический средства обучении географии»
9. Понченков «Методика обучений география в школе».
10. Н.Н. Баранский «Методика преподавание экономической географии» М. 1990 г.
11. Н.М. Лисунов, К.Д. Кенжина, П.А. Максимова «Методические рекомендации для выполнения практических работ по использованию средств обучения в преподавании географии» Караганда: Издательство КарГУ. 2005.
12. Н.К.Семакин. Географический кабинет и учебная площадка в школе. М., «Просвещение» 1973г.
13. И.И.Дрига «Кабинетная система в общеобразовательной школе». М., 1981г.
14. Л.М.Паншенчикова «Применение компьютеров в преподавании географии». География в школе.-1984, №3.
15. Е.П. Магибец «Компьютеризация обучения: Проблемы и перспектива» М., 1986.

16. И.И. Самойлов «Учебно-наглядные пособия по географии» М., «Просвещение» 1975 г.
17. Л.Д. Прозоров, В.П. Голов «Карантины и таблицы в преподавании географии» М., «Просвещение» 1977г.
18. К.Д.Кенжина., Н.М.Лисунов., П.А.Максимова «Географияны оқытуда оқу құралдарын пайдалану» іс – тәжірибелік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік ұсыныс Қарағанды 2007ж

Қосымша:

19. Н.А. Горев «Картины художников на уроках географии». География в школе. 1964, №5
20. Л.Н. Дрогайцева, В.В. Царева «Кинофильмы на уроках физической географии». География в школе 1984 №1
21. Р.А. Заездный «географическая наглядность в преподавании географии». М., «Просвещение» 1977 г.
22. Методика обучения географии в средней школе./под ред. И.С. Матрусова. М., «Просвещение» 1985 г.
23. Л.П. Прессман «Основы методики применения экранно-звуковых средств в школе» М., 1979г.

Журналдар:

24. «Геодезия и картография» №5,6,7,9 2007 г №1,3 2008г
25. «География в школах и вузах Казахстана» март – апрель № 2, 2008 г.
26. «География және табиғат» №1-6, 2007ж. №1-6, 2008ж.
27. «Вокруг света» № 1,2,3 2007 г.
28. www.act.ru/products/mapinfo/mapinfo_pro.htm
29. www.brif.kz
30. www.dataplus.ru
31. www.esri.com
32. www.freemaps.ru/lessons/less01.html // Создание и редактирование векторных карт (лекции)
33. www.geocenter.kz
34. www.gis-center.kz
35. www.gis-terra.kz
36. www.izotop.kz
37. www.mapinfo.com

38. www.megatorrents.kz
39. www.rambler.ru
40. www.yahoo.com

1.8. Бағалау туралы ақпарат

Ағымды бақылау бойынша білім тексеру анықталады:

- семинарлық жұмыстардың орындалуы (тапсырмалар арнайы дәптерде нақты жауаптар мен графиктер, сызбалар мен схемалар түрінде);
- СООЖ орындалуы;
- экспресс – сұрақ – жауап өткізілуі.

Әр тақырып бойынша жиынтық балл 20: оның ішінде 10 балл семинарлық жұмыс тапсырмасы, 5 баллдан СООЖ мен СӨЖ. Семестр соңында ағымды бақылау бойынша барлық баллдар қосылып, орта нәтижесі табылады. Максималды балл 20 болады.

Аралық бақылаудағы білім тексеру семестр ішінде екі тестілеу (10 балл әр қайсысы), бақылау жұмысы және коллоквиум (5 балл әр қайсысы) бойынша анықталады. Жиынтық максималды балл – 30.

Үй жұмысын тексеру реферат орындалуы бойынша (әр реферат 10 балл) анықталады. Қортынды орта балл қойылады. Рефераттық жұмыс 5 әдебиет көзінсіз жасалмайды, сонымен қоса, интернет – қоры, қазіргі баспалар қолданылады. Жұмыс сұранысқа сай, форматы А 4 парақта, шрифті Times New Roman KZ., көлемі 14 пиксель, бос қалдыратын орын үсті мен асты – 25 мм, сол жақ пен оң жағынан 30 және 20 мм. Реферат көлемі 10 беттен аз емес, 20 беттен көп емес болу керек. Құрамында жоспар, негізгі бөлім, қортынды, әдебиеттер тізімі болды. Жұмыс график бойынша қорғалады.

Қортынды бақылау – емтиханда 40 баллдық жүйемен бағаланады.

Студенттердің білім тексеру рейтинг шкаласы

Бақылау түрі	Балл
Ағымды	20
Аралық	30
Үй тапсырмасы	10
Қортынды	40
Барлығы:	100

1.9. Курстың саясаты мен жүргізілуі:

Пән игеру барысында студентке келесі талаптар қойылады:

- оқу кестесі бойынша академиялық сабақтарға үздіксіз қатысу, қалмай келу;
- академиялық сабақ үстінде шуламау, басқа оқу оқығандарға, оқытушыға кедергі жасамау, мобильді телефонды міндетті түрде өшіру;
- дәрісхана, оқу залдары, компьютерлік кластар мен интернет-залдардағы материалдық құндылықтарға үлкен жауапкершілікпен қарау, күтіп ұстау;
- университет корпустары ішінде, аулаларда тазалық сақтау;
- кітапханалардан алған әдебиет даналарын күтіп ұстап, келісілген мерзімінде тапсыру;
- пән бойынша әр тапсырмаларды, бақылау түрлерін кесте бойынша сапалы түрде тапсырып отыру;
- семинарлық сабақтарда белсенділік танытып, үй тапсырмаларын үлкен ізденушілікпен орындап, стандартты емес ой - қабілетін көрсету.

Сабақтан қалып келу, қатыспау, сабақтарда дөрекі мінез-құлқы көрсету, тапсырмаларды орындамау немесе уақытында тапсырмау, емтиханға келмеу т. б. үшін – студент жауапкершілікке тартылып, қортынды баллда мұндай жағдайлар өз орынын алады.

2. «Географияны оқытудығы техникалық оқу құралдарын пайдалану» пәні бойынша оқу - әдістемелік материалдар

2.1 Курстың тақырыптық жоспары

Барлығы 2 кредит

№	Тақырып атауы	Сағат саны			
		Дәріс	Сем-ар	СӨӨЖ	СӨЖ
1	Кіріспе. Географияны оқытуда техникалық оқу құралдары-ның құрамы мен құрылымы, білімдік тәжірибелік маңызы	2	2	4	4
2	География кабинетінің, география алаңының оқу құралдары	2	2	4	4
3	Экрандық-дыбыстық құралдар және олардың оқу үрдісінде қолданылуы	2	2	2	2
4	Географияны оқытуда компьютерлік технологияны қолдану ерекшеліктері және әдістемесі	2	2	6	6
5	Географияны оқытуда теледидарды қолдану	2	2	2	2
6	Географияны оқытуда тақырыптық карталарды қолдану	2	2	4	4
7	Баспа және графикалық көрнекті құралдарды географияны оқытуда қолданылуы	2	2	4	4
8	Оқу барысында құралдарды суреттерді, фото-суреттерді дайындау және	1	1	4	4

	кешенді пайдалану				
	Барлығы	15	15	30	30

2.2. Дәрістік сабақтардың тезистеры

Дәріс №1. Географияны оқытуда техникалық оқу құралдарының құрамы және құрылымы, білімдік, тәрбиелік маңызы. (2 сағ.)

Оқыту құралдарының құрамы мен құрылымы. Оқу мен тәрбие деңгейін одан әрі жоғарлату үшін, біздің елдегі және дүние жүзілік оқу құралдарының даму үрдісін есепке ала отырып, оқу құралдары жүйесін дамыту мәселесі ерекше қажеттілікті керек етеді. Оқу құралдарына әлеуметтік даму өз талаптарын қояды, ол—оқу құралдарының сапасын дамыту, оқу процесінде тиімділігін арттыру. Келесі үрдіс ғылыми-техникалық прогреске, қазіргі заманғы техника мен жаңа материалдарды еңгізе отырып, оқу құралдарын дамытуға байланысты. Жаңа материалдарды қолдану көптеген құралдарды өзгертеді және маңызын жоғарлатады. Жаңа техника оқу процесін көптеген аппараттармен қамтамасыз етеді, қажет ақпарат беруге, мұғалімнің ақпарат жинақтауға және білімді қабылдауға оқушылардың уақытын үнемдейді. *Мәселен, қазіргі уақытта компьютерлік техника дамып оқыту кезінде көп көмегін тигізуде.*

Елеулі үрдістердің бірі кабинет жүйесінде оқу құралдарын жасауға және қолдануға кешенді түрде кірісу. Мектеп бағдарламасының мазмұнына қарай кешендер құрылады, олардың құрамына әртүрлі көрнекті оқу құралдары кіреді (картографиялық құралдар, аспаптар, т.б.) Оқу құралын таңдауда кешенді шешім олқылықтарды жібермейді, олардың көп түрлілігін сәйкестендіреді.

Географияны оқытудағы техникалық құралдар жүйесін жасақтауға оқу жүйесінің барлық құрамдары әсер етеді: білім мазмұны және сабақ беру әдістемесі, сонымен қатар оқушылардың қабылдау ерекшеліктері. Мәселені талдамалы түрде шолу географияны оқыту жүйесінің негізгі бағыттарын анықтауғы мүмкіндік береді. Соның бірі – пән ойынша оқу құралдары жүйесінің классификациялық құрамы. Негізі болып, оқу құралдарын географиялық нысаналар мен құбылыстарды

суреттеу және суреттемелеу принципі бойынша жіктеу таңдалды, бұл біріншіден, географияның ерекшелігіне байланысты.

Мектеп географиясын оқыту – нақты нысаналар мен құбылыстар, кеңістік, аумақ және құрылымдық жіктеу жүйесі, осыдан географияны оқыту құралдары жүйесінің типологиялық құрамы, мазмұнымен және географиялық нысаналар мен құбылыстарды суреттеу тәсілімен анықталады.

Мектептің талаптарына сәйкес жоғары сапалы оқыту құрал-жабдықтарын әзірлеу қазіргі уақытта география пәнінің оқыту жүйесіне енетін құралдарды жетілдіру арқылы жүзеге асырылады. *Мәселен, география пәні кабинетінің құралдарының ішінде магнитті тақтаның болуы демонстрацияланатын кестелердің материалдық-құрылым-дық ерекшеліктерін өзгертуге мүмкіндік береді.*

Кестелердің конструктивті сапасын өзгерту олардың дидактикалық-педагогикалық қызметін жетілдіруге жағдай жасайды. *Мәселен, динамикалық кестелердің қызметтік маңызы былай анықталады: олар тек құрылымдық ерекшеліктерін, байланысын және күрделі нысаналарымен құбылыстардың өзара байланысын айқындайтын географиялық түсініктерді құрастыруға ғана емес, сонымен бірге оларды педагогикалық процестерге енгізгенде географиялық құбылыстарды моделдеуге жағдай жасайды.*

Қазіргі уақытта оқыту құралдарының әлеуметтік сапасын жетілдіру олардың мазмұнына адамдардың зерттеу және жасау әрекеттерінің перспективті бағыты туралы материалдарды енгізу арқылы жүзеге асырылады. Соның бірі – ғылымның және халық шаруашылығының әртүрлі облысында жерді космос арқылы меңгеру мәліметтерін қолданады.

Космостан түсірілген сурет материалдарының ерекшеліктері олар жоғары дәрежеде ақпарат береді, әрі өте әсерлі бейнеленеді және ең бастысы, жердің табиғи бейнесін жоғары дәрежеде нақты көрсетеді, осының бәрі оның дидактикалық-педагогикалық қызметтерін жетілдіруге қызмет жасайды. Космостық фото материалдары бойынша жасалған басылған құралдарды география пәнін оқытуда қолдану оқушылардың осы суреттер арқылы оқытылатын тақырыптарды

оқуға қызығушылықтарын арттырады. Географиялық білімді меңгеру жолдары қарапайымдалып, уақыт үнемделеді. Оқытылатын нысаналардың және құбылыстардың көрінетін бейнесін жасау олардың маңызын нақты қабылдауға және оқу материалдарын берік түрде есте сақтауға жағдай жасайды.

География бойынша техникалық оқу құралдарының жүйесін жетілдірудегі маңызды мәселелердің бірі - барлық оқу құралдарын педагогикалық үрдісте қолдануға комплексті тұрғыдан келу болып табылады. Ол оқытушы мен оқушылардың еңбектерін оңтайландыру қажеттілігімен анықталады және ғылыми-техникалық прогреспен байланыстырылады, оқыту тәжірибесіне телевизор, ЭЕМ сияқты ақпарат көздері енгізілгенде, жаңа материалдарды қолдану дәстүрлі құралдардың функционалдық маңызын өзгертеді, оқыту құралдарының жоғары ғылыми деңгейі пән бойынша тәрбие-ағарту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

Оқыту құралдарының тәрбиелік, білімділік маңызы. Қазіргі уақытта мектептің жұмыс тәжірибесінде оқушыларды тәрбиелеу және білім берудің тығыз бірлігін қамтамасыз ететін комплексті тұрғыдан келу дамыған мезетте, мектеп географиясының алдында тұратын міндеттерді, пәннің мазмұны, мақсаттары және оқыту әдістемелерімен бірге шешуде оқыту құралдары маңызды міндет атқарады.

Техникалық оқыту құралдарының арта түсетін маңызы - оқушыларды оқытуда және тәрбиелеуде олардың қызметтерінің көптігі. Оқыту құралдарының маңызды қызметтерінің бірі – оқытуды көрнекті егуді қамтамасыз ету болып табылады.

Оқытудың көрнектілігін қамтамасыз ете тұрып, оқыту құралдары білімнің маңызды көзі ретінде тәрбиелік-ағарту қызметін атқарады. Сондықтан оқыту құралдарының мазмұнын жаңа бағдарламаға сай әзірлеуде теорияны жалпы ғылыми түсініктерді құрастыру заңдылығын айқындайтын құралдарды жасауға көп көңіл бөлінуде.

Экологиялық тұрғыдан қоғам мен табиғаттың өзара байланысы идеясы түсінігінде, табиғи ортаны құрастыруда антропогендік факторлардың ролі, қорғау іс-шараларының маңызы және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың маңызы ашылады, «Табиғатты қорғау», «Мелиорация» диапозитивтері

сериясы, «Ішкі суларды қорғау», «Табиғатты қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану» кинофрагменттері сияқты оқу құралдары оны пайдалануда маңызды. *Мәселен, «Атмосфераны қорғау» диафильмінде ауа алабының ластануын азайтатын немесе оның алдын алатын іс-шаралар көрсетіледі. Оған темір жолды электрлік жүйеге алмастыру, жылу станцияларын және орталықтандырылған қазандықтарды газ отынымен алмастыру, автокөліктердің жартысын газбаллондық машиналарға алмастыру, өндірістік өнеркәсіптерде қалдықсыз немесе, аз қалдықты технологияларды меңгеру, сонымен бірге айналмалы сумен қамтамасыз ету жатады.*

Қазіргі заманғы өндірістің ғылыми негіздерін, ГТР-мен байланысты оның қарқындауының негізгі бағыттарын жақсылап түсінуге оқыту құралдары ықпал жасайды, онда дақылды өсімдіктерді өсірудің қарқынды технологиялары және қазіргі заманғы технологияларды мал шаруашылығына енгізу мысалдары «аграрлық-өндірістік кешен», «Солтүстік Қазақстан мысалында АӨК дамуы» диапозитивтері, «мал шаруашылығы» және «жерді өңдеу» диафильмдері арқылы көрсетілген.

Дәріс №2. География кабинеті, география алаңының оқу құралдары. (2 сағ.)

Мектеп жұмысы тәжірибесінде оқу құралдарын пайдалану үлкен маңызға ие. Соның ішінде география кабинетінің де маңызы зор.

Кабинетте оқушылардың жұмыс істеуі үшін әртүрлі құралдардың жабдықталуы тиіс. Қазіргі таңда кабинетте оқу құралдарынан карта, глобус, модельдер, суреттер, портреттер, кестелер, құрал - жабдықтар, оқулықтар және баспа материалдарымен жабдықталған. Осы аталған оқу құралдарын пайдалану барысында балалардың ой - өрісі дамып, сабақты тез қабылдайтын болады.

Кабинеттің жобасы әдеттегідей, барлық кабинетте болатындай мұғалімнің столы, оның жоғары жағындағы қабырғада тақта орналасқан. Тақтаның ұзындығы кабинеттің ұзындығымен бірдей, ал ені 60 см кем емес. Қабырғаның оң жақ

шетінде балалардың оқу құралдары тұратын шкаф, мұнда балалардың сабақта пайдаланатын оқулықтары плакаттары, схемалық суреттері, кестелері тұрады. Кабинеттің көлемі үлкен, іші жарық, терезесі үлкен ал есігі оң жақ бұрыштан 70 см қашықтықта болуы шарт.

Алдыңғы демонстрациялық қабырға. Алдыңғы деманстрациялық қабырғаның стелажы еденнен жоғары қабырғаға дейін орынды алады. Ол қабырғаға арнайы ілгіштер арқылы бекітіледі. Деманстрациялық қабырға стелажы 3 ярусқа бөлінеді. Олардың төменгісін алдын ала картонға жабыстырады. Сабақ тақырыбы, суреттер таблицалар үшін арналған. Осы ярустың көлемі мен конструкциясы суреттер таблицалар өлшемімен байланысты. Оның биіктігі жоғарғы ярустан бастап есептегенде 90см –ге тең, ал ені қозғалмалы ортадан рамкасыз 60 см –ге тең. Бұл шитер көп қабатты фанерден не 8 – 10 мм тақтайшалардан жасалған. Олар бағыттыушы төмен және жоғарғы қозғалады. Бір шит екіншісін жауып тұру үшін екі параллельді паз жасау керек. Щиттерді еш кедергісіз орналастыру үшін жоғары паздарды төменгісіне қарағанда 2 есе терең жасалуы керек. Егер паздарды балауызбен жағып қойса, оларды қозғау оңайға түседі. Әр щитқа тұтқа жасау керек (1 – суретте көрсетілген).


Төменгі ярус кеңістігі таблицалар орнатылатын 20 – 25 см –лік секцияларға бөлінеді. Оның төбесіне таблицалар тақырыптар жазылады, ал таблицалар пайдалану жиелігіне қарай төменгі типографиялық тәсілмен басылған құралдар көмегімен ұқсастырып жасау үшін оларды картонға жабыстырып бірге сақтауға мүмкіндік болады. Ортанғы ярус мельмен жұмыс істеу үшін арналған тақталармен жабылған. Қабырға стелажының 5 м жалпы ұзындығы жағдайында сол және оң жақты ашылады. Тақта 1000×500 мм көлемінде жасалады және сыртқы жағыдайда ғана линонинмен жабылады. Оның міндеті кейін түсіндіріледі. Егер қабырға стелажының жалпы ұзындығы 5 метрден асса, *мәселен, 5,5 немесе 6 метр болса, онда тақталардың көлденең бағыттағы көлемі 1100 – 1200 мм дейін ұлғайтуға болады.*

Сол және оң жаққа ашылатын тақтаның бетіне мелмен жазуға арналған, ал арты трафареттер үшін арналған. Оларды пайдаланудың ең тиімді жері – оқушыларға берілген жұмыс

элементерін мұғалім демонстрациялық кескін карталарды көрсете алатындығында

Географиялық оқу алаңы. Алаңның аумағы төрт бұрышты 25×15метр 2 – сурет бойынша географиялық алаң территориясындағы барлық құрал – жабдықтардың орналасуы көрсетілген.

1 – сурет
Алдыңғы демонстрациялық қабырға стелажы.



Кейде сабақта ірі масштабты карталар пайдаланылады. Мәселен, Еуразияның, Солтүстік Американың, Африканың т.б., құрлықтардың карталары тақта үстіне ілінгенде балаларға карта жақсы көрінбейді, сондықтанда картаны жоғары көтергіш құрылғы пайдаланылады. Ол құрылғы карта жоғарлатқыш деп аталады.

География оқу алаңының ұйымдастыру барысында мектеп бағдарламасында табиғаттану, астрономия, физика математика және іс-тәжірбиелік жұмыстарды орындау барысында қолданылады, сонымен қатар қызықты факультативтік сабақтарды басқада қосымша жұмыстармен шұғылдануда яғни осы аталған сабақтар үшін кешендік оқу алаңының маңызы зор.

География оқу алаңы ұйымдастыру кезінде төмендегілерге көңіл бөлу керек.

- Бағдарламалық материалдың мазмұны табиғатты меңгеру және табиғатты бақылау. Ұзақ уақыттық бақылау барысында табиғаттың басқада табиғи құбылыстармен байланыстыруға;

- Сабақ барысында табиғаттану үйірмесінде күнге, айға, жұлдызға, аспанға әртүрлі оптикалық және энергетикалық құбылыстарды сонымен қатар атмосфералық феноменалдық құбылыстарды бақылауға;

- Мектептегі бағдарламалық курстарды физикалық географиядан қарастырғанда іс-тәжірбиелік жұмыстар ашық аспан астында жүзеге асады Күн бойынша полярлық жұлдызды бағдарлағанда ара қашықтығын анықтаудың мақсатында маңызды қадам топографиялық түсірімдеуде;

- География үйірмесінде жұлдызға, күнге қарап уақыты, компастың магниттік бақылау бұрышың, географиялық координаталарды, әртүрлі пунктарды сонымен қатар телескоп арқылы метеорологиялық бақылауларды ауқымды бағдарлау;

А. Математикалық сектор. Мұнда 1 стол және 2 орындық.

Б. Топографиялық сектор. Мұнда 3 төбе және сай.

В. Математикалық, астрономиялық, географиялық сектор. Мұнда 4 гномон, 5 темірқазық жұлдызын көздегіш, 6 – сызықты бақылағыш 7 азимуттық бағана, 8 күндік уақытты анықтағыш, 9 шаршы, 10 армелялық жүйе, 11 жұлдызды бағдарлауыш.

Г. Астрофизикалық сектор. Мұнда 12 телескоп, 13 бағана қозғалмалы құралдарға арналған, 14 күндік құрылғы.


Д. Метеорологиялық сектор. 15 флюгер, 16 метеорологиялық дүңгіршек, 17 одоскамер, 19 неофаскоп, 20 қар сызығын өлшейтін рейка, 21 топырақ термометрі.

Е. Электрлік және магниттік бақылаулар. Мұнда 22 магниттік мередиан, 23 электр өрісін анықтаушы бағана.

География кабинетін ұйымдастыру ең алдымен дұрыс кабинетті таңдап, жабдықтаудан басталады. Осы кезде сыныптың ыңғайына көңіл бөлген жөн. Мәселен, сынып терезесінің оң жаққа қарағаны, терезеден география алаңының көрініп тұрғаны жөн. География кабинетінде жабдықтауда әр оқу құрал өз орнында тұрғаны абзал.

2 – сурет

Географиялық оқу алаңы



Мектептерде география кабинетін жабдықтау 5 – 11 сыныптардың оқу-жоспарына сәйкес әрі ыңғайлы етіп жабдықтау оңай жұмыс емес. Себебі әр сыныпқа география кабинетін өз оқу бағдарламасына сай етіп жабдықтау керек. География кабинетін жабдықтауда карта, глобус сияқты түрлі оқу құралдарының маңызы өте зор. Сабақ беру барысында география сабағында қолданылатын оқу құрал немесе басқада

түрлі приборлар сабақ барысында бір немесе екі ақ рет қолдануы мүмкін. Сондықтан да кейінгі кездері география кабинетін жабдықтауда музейдегілердей «көрмелік» әдіс кең етек алуда. Бұл әдістің негізінде түрлі стенттардың немесе басқада оқу құралдарының орынын ауыстырылып тұрылуы болып табылады. *Мәселен, белгілі бір тақырыпта қолданылатын оқу құрал жылына бір екі рет қолданылып, қалған тақырыптарда оның маңызды болмауы мүмкін.* Сондықтан сабақ беру барысында тақырыпқа қажетті оқу құралдар мен орын ауыстырып отырған жөн. Бұл оқу құралдар сабақ тақырыбына байланысты ауыстырылып отырады. Осыған байланысты әр география кабинетінде осы қолданылған оқу құралдар мен түрлі приборлар және кітап қорларын сақтайтын сөре болғаны жөн. Кабинетінің оқу құралдары басқа пәндердегідей жаңа техникалық құралдармен толықтырылуда. Айта кетер болсақ: интерактивті тақта, компьютер т.б.

Мектептердегі оқу құралдарының орналасуына келер болсақ ұлы ғұламалардың портреттері сынып тақтасының үстіңгі бөлігін қамтып, сынып тақтасының оң жақ бөлігіне глобустар мен географиялық карталарды сақтауға арналған сөре болғаны жөн. География кабинетінде оқушылар сабақ барысында қолданатын 25 кішкентай глобус болуы керек. Сынып тақтасының сол жақ бөлігін көлденеңінен екіге бөліп, үстіңгі бөлігіне ұзындығы 2 – метр және ені 1 – метр карталарды сақтайтын сөре болғаны жөн. Сөренің астыңғы бөлігіне сыныптың терезесі оң жақ бөлігін алып тұратын техникалық оқу құралдар орын алады. Техникалық приборлар өздеріне арналған арнайы сөрелерде болғаны дұрыс болса, сол жақ бөлікті географиялық түрлі карталар (жер шарының физикалық, саяси карталары т.б) орын алады. Сыныптың артқы бөлігін артық оқу құралдармен түрлі приборларын алады.

Географиялық алаңның қандай боларын шешпес бұрын мектептің оқу бағдарламасын қорытындылап алған жөн. Оның ішінде география, астрономия, физика, математика және де мектепте жүргізілетін түрлі практикалық жұмыстар мен алаңда жүргізілетін бақылау, зерттеу жұмыстары.

Алаңның оқу құралдары негізінен осы жүргізіліп отыратын зерттеу жұмыстарына сәйкес келеді. Алаңның негізгі оқу құралдарына:

1. Жеңіл тақтайлы флюгер
2. Ауыр тақтайлы флюгер
3. Көктайғақ өлшеуіш
4. Психометрлік жәшік
5. Өі жазатын аспаптар тұратын жәшік
6. Артық жәшік орнататын орын
7. Плювиограф
8. Жауын-шашын өлшегіш
9. Жауын-шашын өлшегішін қоятын артық орын.
10. Геодемет орнататын қала
11. Мұз өлшегіш
12. Гелиограф
13. Қар өлшегіш рейка
14. Топырақ бетінің термометрі
15. Суыrmалы топырақ термометрі
16. Топырақ тоңазуын өлшейтін аспап.

Дәріс №3. Экрандық – дыбыстық құралдар және олардың оқу үрдісінде қолданылуы. (2 сағ.)

Оқудың экранды – дыбыстық құралдарына өзіне салынған оқулық ақпаратты алу үшін арнайы аппаратураны пайдалануды қажет ететін оқу құралдары түрлерін жатқызады.

Барлық экранды – дауыстық оқу құралдары: экрандыққа (диапозитивтер сериялары, диафильмдер, графопроекторға арналған транспаранттар), дауыстыққа (оқулық магниттік таспалар, жазбалар, радиохабарлар), экранды – дауыстыққа (оқулық бейнефильмдер және диапозитивтер сериялары, телехабарлар) бөлінеді.

Қазіргі кезде географияны оқытуда дыбысталмаған диафильмдер мен диапозитивтерді, графопроекторға арналған транспаранттарды, дыбысты бейнефильмдер мен телехабарларды кеңінен қолданады.

Экранды – дауысты құралдардың маңызды ерекшелігі оның көпқұрылымдылығында және оқыту мен тәрбиелеуде оқушыларға

әсер ететін көп құралдырдың бірі болады. Сонымен қатар олардың қабілеттіліктерін, білімдерін және іскерліктерін құруда көп көмегін тигізеді. Бұл ЭДҚ-ның географияда қолданылуы тәуелді болады методикалық әдістемесі мен материалды – құрылымдық ерекшеліктерінің әр – бірін экрандық типтерде алдын ала анықтауында.

Кинофильмдер географияны оқытуда өздерінің материалды – құрылым ерекшелігімен және функционалды тағайындалуының экранды – дауысты құралдардың ішіндегі ең маңызды орынға ие. Бұл кинематографтың қабілеттілігімен көрсетілетін нысананың қозғалуын, дамудың, оның табиғи түріне жоғары деңгейде жақындатылған, бірақ сонда да түпнұсқадан ерекшеленетіні ескертілген.

Оқулық кинофильм география бойынша әдетте 1-2 көлеммен болады, 3 бөлімі сирек болады. Онда тақырып бойынша сұрақтардың қатарлары ашылып, оқыту бағдарламасы бойынша айқындалады. Диафильмдер сияқты кинофильмдер де формасы бойынша материалдарды беруі бойынша информациялық – иллюстративті және де баяндалатын мәселелеріне қарай бөлуге болады. *Мәселен, «Антарктиканың табиғаты» - деген фильм.*

Оқулық кинофильм әртүрлі дидактикалық функцияларды орындайды. Ол оқуғы себепті жағдай жасай алады, білімдердің тауып алу назары дәл осылай қабылдаудың жағы әдетегідей қызу әсер етеді. Еске алынатын, мотивациялық ленталардан туындайтындар, *мәселен, «Зачем мы изучаем нашу Землю» - деген фильм, физикалық географияның бастапқы курсына кіріспе.* Бұл мақсатқа да қолданыла алатын фильмдердің қайсылары болсын жарық бейнелі түрде тақырыпқа кіріспе материалдарын ұсынады.

Кинофильмдер үлкен нақты материалды сақтайды, олар бағдарламада зерттелген бөлімдерді оқитындарын жалпылауға әкеледі, реттеуге рұқсат етеді, алған білімдерін жүйеге келтіруге, оларды табыспен қайталауға және жалпылауға қолдануға болады., *мәселен, «Природные комплексы»* фильмін, физикалық – географияның курсы бойынша қайталау. Оқулық кинофильмдердің әртүрлілігі болып кинофрагменттер болып табылады. Осындай шартты атаулармен шығарылатын 5 минуттық демонстрациялық ленталар. Қатаң айтқанда, бұл фрагменттер емес, аяқталған кішкентай фильмдер. Олардың әрқайсысы бағдарламадағы қысқа

сұраққа арналған, ереже сияқты көрсетеді, табиғаттың бір құбылысы, сирек – екі нысанасының ұқсастықтарының құбылысы («Вулкандар», «Жел толқындары немесе цунами», «Таулы өзен»).

Кинофрагменттер жергілікті анық, оларда материалға жазып жіберуде қосымша сызықтары жоқ болады. Оларды сабаққа оңай енгізуге болады, олар мұғалім сөздерінің көркемдеуін немесе білімдердің қайнар көзі болуын жасай алады. Әдетте кинофрагменттер қысқа құрамды болады, бірақ толығымен оқулықтың материалды баяндамасы. Көбінесе, оқушылардың назарын шоғырландыру үшін жаршының мәтінде, дауыстылардың қатарларына музыканы қосуға болмайды (егер де ол фрагменттің құрамында болмаса). Бірақ шуылдарды міндетті түрде жазып алады, өзіне тән бейнеленген құбылысқа немесе нысанаға, - сарқырамалардың шуылдары, аңдардың дауыстары, вулкандардың атқылағандары және т.б.

Теледидарлық бағдарламалар экранды – дауысты құралдармен оқыту сияқты кинофильмдер мен жалпы көп болады. Әйткенмен оларды түр ерекшелігі мен оқулық хабарлар беруде айырады және функционалды тағайындалады. Теледидардың биік шапшандығының арқасында география сабақтарында телехабарлардың қолданылуы, география сабақтарында оқушылар табиғаттағы сирек құбылыстардың куәгерлері, тарихи оқиғалардың, жаңа географиялық нысаналардың тууы, бола алады (каналдың, ГЭС), қайсылары соларды жаттауға керек болатыны. Экранда болатындардың оқушыларға сол уақытта іске асырылған сияқты қабылданады. Нәтижесінде «қатысу әсері» күшті көрінеді, көрерменге экранда болып жатқанның қатысушысы болып жатқандай болады. Осыларға байланысты бағдарламаларда мәліметтер толығып қызығушылықтарын арттыра түседі.

Телехабарларға әртүрлі сюжеттерді қосады, хроникалық – деректердің кірмелерінің кинофильмі, сонымен қоса арнайы істелген киносьемкалар және бейнетаспалар, біздің еліміздегі әртүрлі аудандарда және шет елдердегі географиялық құбылыстарды көрсетеді. Мұндай мәліметтер сабақты жүргізуге қолдандырады, қайсылары басқа жолдармен оқу процесіне қатысты бола алмайды.

Телехабарламалардың арқасында оқитындар оқу информацияларын ала алады «бірінші қолдан» - ірі мамандардың баяндамаларынан немесе басқа білім салаларынан.

Практиканың көрсеткіші бойынша, география мұғалімі сабақтан тыс телехабарды қолданады. Олар оқушыларға мұндай бағдарламаларды көрсетіп тапсырмалар береді, содан соң сабақ барысында берілген тапсырма бойынша алған мәліметтерді оқушылардан сұрақ арқылы жауап алады.

Дәріс №4. Географияны оқытуда компьютерлік технологияны қолдану ерекшелігі және әдістері. (2 сағ.)

Қазіргі кезде компьютер информацияның бес түрімен жұмыс жасай алады.

- сандық;
- мәтіндік;
- графикалық;
- дыбыстық;
- бейнелік;

Аталған информациялардың бес түрін мультимедия деп атайды. Бұл үшін компьютерлер әртүрлі құрылғылармен жабдықтанған, олардың ішінде міндетті болып саналатын құрылғылар немесе қажетті жағдайда ғана қосылатын құрылғылар.

Компьютерлік технология – бұл информациялық технологияның – бірі технология – «әдіс», - «өнер», - «шебер» деген мағынаны білдіреді. Яғни информацияны жинау, өңдеу және тасмалдау әдістері мен құралдардың жиынтығын қолданатын процесс.

Компьютерлік технологиялар – деректерді компьютерлік өңдеуге негізделген информациялық технология. ЖОО - ғы, мектептегі, географиялық білім жүйесіндегі, жарық бағытының бірі болып компьютерлік технологияны және мультимедияны енгізу болып саналады. Оқытуда компьютерді аудио – визуальді құралдармен қолдануда бірге қолданудағы білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар деп аталады.

Қазіргі кезде білім беру саласында географиялық интерактивті оқыту құралдарының әртүрлі наборлары бар. Биік

сапалы графикалық, слайдтары, видео – роликтері және дыбыстық сүйемелдеуі бар. Мұндай оқу құралдарды оқу электронды мультимедия шығармалары деп аталады.

Мультимедияның арасында демонстрациялық материал ретінде қазіргі жаңа атластардағы ғылыми басылымдардағы және интернеттен алынған карталарды алуға болады. Мультимедия географиялық пәнінің оқытушысына экранда әртүрлі географиялық көріністерді статикалық және динамикалық жалпақ және көлемді көріністерді мүмкіндік береді. Мультимедия көмегімен бір объектіден келесіге жеңіл көшуге фрагменттерді үлкейтіп үлкейтіп көрсету немесе бірнешеулік қатар көрсетуге мүмкіндіктері бар. Мультимедияны қолдану арқылы оқушылардың пән аралық ойлау қабілетінің даму мәселелері шешіледі және ел тану өлке тану бойынша көптеген практикалық біріктіліктері қалыптасады. Компьютерлік технологиялардың және мультимедияны қолдануының бірнеше бағыттары бар.

1. Геоинформатика
2. Геоақпарат
3. СӨЖ

Географияны оқытуда арналған компакт дискідегі бүкіл оқу экранды мультимедия шығармаларының келесі құрылымы бар.

1. Курстық бөлімдері мен тақырыптары бойынша сурет-телген мәліметтер
2. Әрбір курс бөлімдермен тақырыптарын сүйемелдейтін мультимедия компоненттер (дыбыс, видео, анимация, интерактивті карталар т.б.
3. Интерактивті практиктер.
4. Бақылау сұрақтарымен тестілер.
5. Терминдермен ұғымдардың сөздігі. Персоналдық терминдері.
6. Дистанциондық блоктың түрлері.

География мұғалімдерге арналған электронды шығармалар арасында мектепте қолданылатын компьютерлерді айтуға болады.

1. Мұғалімдер компакт дискінің мазмұнымен таныстырады және осы дискімен жұмыс жасау инструкциясы жасалады.

2. Мұғалімдерге келесі программаларды оқытып білуге мүмкіндік беріледі.

Олар:

1. Microsoft Word

2. Microsoft Access

3. Microsoft Mail бағдарламалары арқылы экономикалық география статикалық белгілерді талдау

4. Microsoft Power Pond презентацияларды дайындау.

Windows 2000 операциялық жүйеде жұмыс жасауға дағдылану. Компьютерлік лекция Microsoft Power Pond құралдарымен құрастырылған мониторда көрсетілетін информациялық нысаналар лекциясы тақырыптарына байланысты лекцияның негізгі міндеттерін түсіндіреді. Компьютерлік лекцияда көрсетілген объектілер сол слайдтар дыбыстық және видеофрагменттер. Слайдтар: ол суреттер, фото суреттер, диаграмалар, мәтіндік фрагменттер болуы мүмкін. Бұл лекцияға толығымен және жартылай қосылған фрагменттер. Дыбыстық фрагменттер, дикторлық фрагменттер, музыкалық жазбалар. Электронды кестелер бұл мультимедия құрылғыларының көмегімен мұғалімнің дайындық кезінде әзірлеген фрагменттер. Видеороликтер бұл географиялық құбылыстармен процесстерді көрсететін шынайы оқиғаларды фактілерді көрсететін мультимедия. Интерактивті карталар арқылы географиялық оқытудағы интерактивті құралдардың жаңа түрі интерактивті карталардың бірден – бір ерекшелігі карта мазмұнын тез өзгертуге болатындығы. Телекоммуникациялық жүйе интернеттің география мұғалімі қолданатын мүмкіндіктері мен ресурстары көп: Олар:

1. Білім беру ресурстары

2. Электрондық почта

3. Телеконференция. Сонымен жаңа ақпаратты технологияларды

географиялық оқытуда кешенді әдістермен құрастыру. Бұл әдістемелік ғылыммен практикада жаңа бағыт және географиялық оқытуда жаңа ақпаратты технологиялардың маңызы зор.

Дәріс №5. Географияны оқытуда теледидарды

қолдану. (2 сағ.)

Географияны оқытуда бейнефильмдер өздерінің материалдық құрылымдық және функциональдық ерекшелігі жағынан экранды – дыбыстық оқу құралдарының ішінен айырықша орын алады. Бұл кинематографтардың демонстрацияланған нысананы қозғалыста, даму үстінде көрсетуі, шынайы түріне өте жақындауы, бірақ түп нұсқадан біршама ерекшеленеді.

Теледидарлық қойылымдарда экранды – дауысты құралдармен оқыту сияқты кинофильмдер мен жалпы көп болады. Әйткенмен оларды түр ерекшелігі және оқулық хабарлар беруде айырады және функционалды тағайындалады. Теледидардың биік шапшандығының арқасында география сабақтарында телехабарлардың қолданылуы, география сабақтарында оқушылар табиғаттағы сирек құбылыстардың куәгерлері, тарихи оқиғалардың, жаңа географиялық нысаналардың тууы, бола алады (каналдың, ГЭС), қайсылары соларды жаттауға керек болатыны. Бұл жерде сапа қолданылады, теледидарға ерекше арналған, қайсібір жиі атайды «тездікпен» деп. Экранда болатындардың оқушыларға сол уақытта іске асырылған сияқты қабылданады. Нәтижесінде «қатысу әсері» күшті көрінеді, көрерменге экранда болып жатқанның қатысушысы болып жатқандай болады. Осыған алғыс айта передачадағы материалға қызығушылық тары арта түседі.

Телехабарларға әртүрлі қойылымдар, хроникалық – деректердің кірмелерінің кинофильмі, сонымен қоса арнайы істелген киносъемкалар және бейнетаспалар, біздің еліміздегі әртүрлі аудандарда және шет елдердегі географиялық құбылыстар мен объектілердің құбылысын көрсетеді. Мұндай материалдар сабақты жүргізуге қолдандырады, қайсылары басқа жолдармен оқу процесіне қатысты бола алмайды.

Телехабарламалардың арқасында оқитындар оқу информацияларын ала алады «бірінші қолдан» - ірі мамандардың баяндамаларын және басқа білім аудандарынан.

Практикада географиядан сабақ беруде телехабарларды қолдану әртүрлі құрылымдардың тағайындалуына: бағытқа

кіріспе (тақырыпқа), жаңа материалдың түсіндіретін тапсырулар.

Кіріспе тапсырулар дайындықтың боялғанымен ерекшеленеді, қызықты баяндалғанымен, бірақ та төмен деңгейде материалдардың құрамы сақтап қалуға арналған. Телехабарламалар жаңа материалды түсіндіретін, оқытындардың мақсатқа жетулеріне көмек көрсете отырып жаңа материалдарды ұғыну, сонымен қатар құрамында анықталатын басты бейне көрермендер қатары. Оқулық телехабарлар сабақтан тыс жүргізіледі. Сабақ тапсырмалары қатаң түрде оқыту бағдарламасына кіреді. Олар материалды тереңдетеді, бірақ кеңейтпейді. Мұндай тапсырамаларда табиғат құбылыстары, мысалы, жақсы және толығымен көрсетілген болар, сонымен қоса себептері терең ашылған.

Телехабар сабақ кезінде әшейін 25-30 минутқа созылады. Оның ұзақтығының артуы қалай тәжірибеде көрсеткендей оқушылар талу деп атайды. Сабақтан тыс тапсырмаларда бағдарламалардың қатал рамкалары ығысқан бола алады, материалда баяндама кемірек шоғырланған басқарылады, оқушылардық назарын аударатын материалдар қосылады, Назарларын аударатын, бірақ бағдарлама бойынша міндетті емес. Сабақтан тыс тапсырманың сапасы бола алатындай мысал келтіреміз Орталық телехабарға географияның материктер мен мұхиттар курсынан «Солтүстік Мұзды мұхиты». Мұнда Арктиканың қатаң табиғатын көрсетеді. Оқушылар Арктикадағы адамдардың шаруашылық қызметі туралы білім алады.

Практиканың көрсеткіші бойынша, география мұғалімі сабақтан тыс телехабарды қолданады. Олар оқушыларға мұндай передачаларды көрсетіп тапсырмалар береді, сонан соң сабақ барысында берілген тапсырма бойынша алған информациялары бойынша оқушылардан жауап алады.

Оқулық бейнежазбалар. Видеомагнитофонды Отан өнеркәсібінде тұрмысқа шығару, видеолентаны шығару оқулығы оқушылардың мектептік практикада болашағын ашады. Бұған қолданылатын аппаратура жинақтарының – видеомагнитофон, телекамера, микрофон және видеобақылаулық құрылғылар, пленкаға бейнелі және дауыспен жазуға мүмкіндік беретін, камерамен және микрофонмен тапсырылған, сонымен қоса

телевизиялық тапсырмалар, эфирдан қабылданғандар. Баспа теледидардың экранында тез ұдайы өндірілген бола алады немесе сол аралықта сқталады уақыттық ұзақтылығымен және қайта – қайта ұдайы өндіріледі. Керек емес жерлерін өшіруге болады, ал пленканы жаңа бағдарламаға қолдануға болады. Видеоленталар, кинопленкалардан қарағанда ешқандай толықтыруларды керек етпейді. Материалды – структуралық және функционалды ерекшелігімен бейнежазбалар әртүрлі педагогикалық мәселелерді және олардың қолданылуын анықтайды. Мұғалім кез-келген бейне жазбаны өзіне қолайлы кезде және телехабарды эфирға шығар алдында жазбаны демонстрациялап өтуі мүмкін, бейнежазбаның көмегімен мұғалімдерге жаңа экранды оқу құралы жетілді.

Дәріс №6. Географияны оқытуда тақырыптық карталарды қолдану. (2 сағ.)

Құрал – жабдықтарды қолданбас бұрын олардың дидактикалық қызметін білу керек, дегенмен бір оқулық жалғыз өзі барлық білімдік, тәрбиелік міндетті атқара алмайды. Сондықтан барлық оқу құралдарды оқу барысында кешенді пайдалану керек. Географияны оқытуда карта - басты білім көзі болғандықтан, негізгі оқу құралдың бірі болып табылады. Карта кез келген құрал жабдықтардың кешеніне кіреді. Себебі, ол картографиялық, кеңістік көз-қарастардың пайда болуына әсер етеді. Материктердің, дүние бөліктерінің, мұхиттардың, теңіздердің, шығанақтардың, бұғаздардың, мемлекеттердің, қалалардың географиялық орналасуын тек карта арқылы көрсетуге болады. Олардың пішіндері туралы түсінік пайда болуына көмектеседі. Оқу үрдісінде картаны тек біліп, түсініп қана қоймай, сонымен қатар оны оқып білу керек.

Сондықтан барлық география сабақтарында картаны белсенді пайдаланады. Картамен жұмыс барысында оқушылардың еске сақтау, ойлау қабілеті және тіл байлығы арттады. Өзінің мазмұнына, қарай барлық географиялық карталар жалпы географиялық және тақырыптық болып бөлінеді. Алғаш қабырға картиналарының дидактикалық қызметін А.С.Барков анықтаған болатын. Оның айтуынша, егер

географиялық карталар тек түссіз бейнелген схема мен қаңқаны көрсетсе, ал картиналар географиялық картаға қосымша көрермендік образ қалыптастыруға, географиялық бейнеленулерді көрстеуге көмектеседі. Қабырға картиналары образдық көзқарас қалыптастыруға және түсінуге мүмкіндік береді. Картиналарда әртүрлі географиялық объектілер, яғни таулар, жазықтар, өнеркәсіптік орындар, ауылшаруашылық бұйымдар бейнеленеді. Ал оларды табиғи жағдайда көру қиынға соғады. Сондықтан картиналар, суреттер мұғалімге табылмас құрал. Географиялық картиналар ландшафт туралы толық түсінік қалыптастырып және жалпы географиялық құбылыстар жайлы түсінік береді. Бақылауларға қарағанда қабырға картиналардан оқушыларға географиялық нақты объектілер мен құбылыстар түсініп қабылдау қиынға соғады, сондықтан оларға қосымша схемалар, экспонаттар, гербарийлер, топырақ үлгілері, диапозитивтердің кадрлері қолданылады.

Құрал – жабдықтармен географияны оқытудағы дидактикалық қызметі, олар ғылыми географиядағы заңдылықтар мен теорияларды анықтап, зерттеуіне көмектеседі. *Мәселен, теллури - географияны оқытудағы негізгі аспаптардың бірі, ол арқылы Жердің жылдық және тәуліктік қозғалысы анықталып, физикалық география және табиғаттану сабақтарында түсіндіріледі.* Олар көбінесе практикалық сабақтарында көп қолданылады. Әсіресе метеорологиялық құрал - жабдықтар. Әрбір география кабинетінде әртүрлі термометрлер, снегомерлер, флюгерлер, психрометрлер, осадкомерлер, гигромерлер, барометр – анероид сияқты аспаптар болуға тиісті. Ал картографиялық жұмыстар үшін және жергілікті жер өлшеу жұмыстары үшін география кабинетінде компас, глобус, астролябии (бусоль), мнезула, визирлік линейка, курвиметр, пантограф сияқты аспаптар болуға тиісті.

Мектепте оқытылатын география курстарында нысаналар табиғи түрде көрсетілсе оқушыларға неғұрлым түсінікті болады. Ондайларға тау жыныстарын, палеонтологиялық үлгілерді, топырақ монолиттерін, пайдалы қазбаларды (темір рудаларын, мұнайды, фосфоритті, апатитті), тоқыма шикізаттарын (мақта, жүн, жасанды мақта,мата), әртүрлі табиғи зоналардың өсімдік

типтері (тайга зонасының өсімдіктері – қайың, қарағай, шырша), негізгі мәдени өсімдіктер (жүгері, бидай, мақта т.б.) Модельдердің басты қызметі географиялық заттарды бақылап көруге мүмкіндік береді.

Географияны оқытуда техникалық оқу құралдары мынандай үш топқа бөлінеді:

- Дыбысты техникалық құралдар және проекциялық аппараттар
- Бағдарламалық аппараттар
- Әрекет етуші модельдер, панорамалар және де географиялық карталарды автоматты түрде көрсететін құрылғылар

Сонымен қатар техникалық оқу құралдарына көбінесе дыбыстық техникалық және проекциялық құралдардың көмектерімен көрсетілетін жеңілдіктер жатады. Олар мысалы ретінде диапозитивтер, транспаранттар, кодоскоптарға арналған үлкен масштабты диапозитивтер, диафильмдер, кинофрагменттер, кинофильмдер, телебағдарламалар және т.б. Дегенмен кейін кездері аталған пособияларды аудиовизуальды немесе экранды-дыбыстық оқу құралдары деп атай бастаған.

Экрандық –дыбыстық құралдарға өзіне салынған оқу ақпаратын алу үшін арнайы аппаратураны қажет ететін оқу құралдарын жатқызады. Олар өз кезегінде экрандық және дыбыстық оқу құралдары болып бөлінеді. Экрандық оқу құралдарына – дыбыссыз кинофильмдер, диапозитивтер сериялары, диафильмдер, графопроекторларға арналған транспаранттар және т.б.

Диапозитивтер – бұл қозғалыссыз бейнелер, оларға статикалық бейнелерді, суреттерді, схемаларды жатқызуға болады. Ерекшелігі – мөлдір пленкада орындалатын жекеленген кадрлар. Оқу бағдарламасының тақырыбына байланысты сериялармен шығарылады. Төменгі жағында жазулар шығып тұрады. Диафильмдер - өзара тығыз байланысқан қозғалмайтын кадрлар сериялары. Ол бір пленкада басылған ерекше экрандық құрал. Сабақ тақырып мазмұнына сай етіліп жасалады. *Мәселен, материктер, мұхиттар.*

